

**"Жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық мүліктің тізбесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № А-3/112 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 18 тамыздағы № А-7/307 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 16 қыркүйекте № 3403 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № А-6/218 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.04.2012 № А-6/218 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. «Жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық мүліктің тізбесін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № А-3/112 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3388 тіркелген, 26 сәуірдегі 2011 жылғы «Ақмолинская правда», «Арқа ажары» газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген, жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық мүліктің тізбесінде: реттік нөмірі 3-жолы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*С.Дьяченко*